

Солтүстік Қазақстан облысы
Есіл ауданы Амангелді орта мектебі

**Бастауыш сыныптарына арналған қазақ тілі пәнінен сергіту сәттерінің
жинағы**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Қожантаева Ә.Ж.

*Бастауыш сыныптарда қазақ тілі пәні бойынша сергіту сәттерінің
жинағы:*

Оқу құралы. –Амангелді орта мектебі, 2018. –43б.

Мазмұны

1.	Алғы сөз.....	3
2.	Анотация.....	4
3.	Өзектілігі.....	5
4.	Мектеп оқушыларына арналған сергіту сәттерінің маңыздылығы..	6
5.	Сергітулердің түрлері	6
6.	Бой жазу сергіту сәттері.....	6
7.	Саусақ ойындары	8
8.	Релаксациялық жаттығулар.....	12
9.	Математикалық есептер мен тақпақтар және жұмбақтар.....	43
10.	Пайдаланылған әдебиеттер.....	48

Алғы сөз

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал орыс мектебінде қазақ тілі пәні бойынша жалпы білім беретін мектептің 1-4 сыныптарында және мектепалды даярлық топтарында жұмыс істейтін қазақ тілі мұғалімдеріне арналған. Балаларда қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеуде әр қоғамда да ең маңызды факторлардың бірі өз мемлекетінің тіліне деген терең сыйластық сезімі болып табылады. Бала тілді ерте үйренсе, оны меңгеру соғұрлым тезірек болады.

«Сергіту сәттері» оқу-әдістемелік жинағы 1-4 сынып оқушылары мен мектепалды даярлық тобындағы тәрбиеленушілердің жас ерекшелігін ескере отырылып жасалды.

Қызықты сергітулерді баламен ерте жастан жасауға болады. Осындай қиын емес қозғалыс ойыны кезінде бала ырғақты пен сөз көркемдігін таниды. Қызықты сергітулер – бұл отыру мен көңілді қажет ететін әр түрлі сабақтар арасында қозғалыс жасап, демалуға жақсы мүмкіндік десек те болады.

Физиолог ғалымдардың пікірінше білім беру қызметі балалардан үлкен жүйке күш салуды қажет етеді. Әр түрлі жастағы мектеп оқушыларында тікелей білім беру қызметі кезінде ең маңызды жүктеме көру, есту органдары мен қол және кеуде бұлшықеттеріне түседі. Шаршаудың сыртқы көріністері болып қызығушылық пен көңілдің төмендеуі, есте сақтау қабілетінің азаюы, жұмыс істеудің әлсізденуі болып табылады. Кейбір балалар шаршаған кезде бір-бірлерімен сөйлесіп, керіліп, есіней бастайды. Мұндай әрекеттер кезінде мұғалім тез арада балаларды дем алдырып, сергіту сәтін ұйымдастыруы керек. Бұл әдістемелік құрал бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқытатын мұғалімдерге сергіту сәттерінің маңыздылығын түсініп, ұсынылып отырған түрлері.

Балаларды біліммен қаруландырумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің көз тоярлықтай болып барлық күшін, шығармашылық қабілетін сарқа жұмсауы керек. Бүгін алдымызда отырған кішкентай бүлдіршін-ертең еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын молайтатын еңбекқор. Сондықтан еліміздің азаматтарын жан-жақты тәрбиелеуге мұғалімнің атқарар еңбегі зор.

Сергіту жаттығулары адам организміндегі физиологиялық процестердің дұрыс жұмыс істеп, бұлшық еттердің жақсы жетілуіне, көңіл-күй, есте сақтау, қабілетінің артуына септігін тигізеді.

Үнемі қимыл қозғалыста болу әсерінен сүйек, сіңір мен тамыр мықты болып, арқанның, қол-аяқтың бұлшық еттері шынығып, табиғи бұлшық ет пайда болады. Сонымен қатар оқу процесінде оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын байыту, мәнерлеп оқу, ой-өрісін дамыту, байқағыштыққа тәрбиелеу, әр дыбысты толықтай меңгеруге үйрету, пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін сергіту жаттығуларының мәні зор.

АНОТАЦИЯ

Бұл оқу құралында орыс тілінде жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі бойынша 0-4 сыныптарына арналған сергіту сәттерінің жинағы берілген. Оқу құралында сергіту сәттерінің маңыздылығы айқындалып, олардың сабақта қолдануы аясы бойынша төрт түрі көрсетілген. Сонымен қатар, жинақта авторлық сергіту сәттері де бар. Сергіту сәттері бастауыш буында балалардың ауызша сөйлеу дамытуда үлкен рөл атқарады, сондықтан баланың сабақты толық меңгеруінде маңызы зор. Бұл оқу құралы жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып және қазақ тілі мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынылады.

© ҚожантаеваӘ.Ж.

Өзектілігі

Бастауыш сынып оқушыларының негізгі әрекеті - оқу, қарым-қатынас, ойын және еңбек болса, бұлардың әрқайсысы негізгі функцияларды атқарып, баланы дамытады. Оқу білім алу мен білік, дағдыны қалыптастырса, қарым-қатынас балалардың бірін-бірі дұрыс қабылдап, сонымен қатар жаңалық алмасуын арттырады. Сергіту сәттері - пәндік әрекеттерді жетілдіріп, бірлесіп жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Ал еңбек - қолдың қозғалысын жақсартып, практикалық, кеңестік және көрнекі ойлауын жетілдіреді. Балалардың бұндай әрекеттерге белсене қатысуы олардың психикалық дамуын арттырады. Сергіту сәттерінің түрлерін сабақта тиімді пайдалана білу, мұғалімнің меңгертіп отырған білімін аса зор ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруге көмектеседі. Өйткені бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне байланысты олар ойынға өте ынталы келеді. Қызықты жаттығулар, ұлттық ойындар барысында балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дәл орындауға тырысады. Бастауыш сынып оқушыларына, мептепалды топтарына ойын, сергіту сәттерінің түрлерін қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамытуға мүмкіндік туғызады. Сергіту сәттерінің түрлерін мұғалім сыныптан сыныпқа өткен сайын дидактикалық «деректіден дерексізге, жеңілден ауырға, жақыннан алысқа» деген принципті негізге ала отырып, бірте-бірте күрделендіре жүргізуіне болады. Мүмкіндігіне қарай әр сабақ сайын сергіту сәттерінің, ұлттық ойын, түрлі жағдаяттар және қызықты есептер түрлерін қолданып сабақ жүргізу, мұғалімнің шеберлігін шыңдап, сабақтың сапасын арттырары сөзсіз. Сонымен қатар, балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда сергіту сәттерін ұтымды пайдаланудың маңызы зор.

Мақсаты: Сергіту сәттері тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Пайдаланылған ойындар ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болуы керек. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Сергіту сәттері арқылы баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру. анықталады.

Мектеп оқушыларына арналған сергіту сәттерінің маңыздылығы

Оқу үрдісі кезінде әр оқушы шаршайды. Сондықтан мұғалім балалардың шаршауын алдын-алу мақсатында уақытылы шаршаудың пайда болу себептері мен оны тез арада тиімді түрде шешу жолдарын табуы тиіс. Әр мұғалім 7-8 жастағы бала тікелей білім беру қызметінен кейін 12-15 минуттан соң, ал 9-10 жастағы бала 20-25 минуттан соң шаршайтындығын білуі тиіс. Шаршаудың алдын-алу тәсілдерінің бірі сергіту сәттері болып табылады. Сергіту сәттерін жасау кезінде бұлшық еттердің шаршауы басылып, балалардың көңілі бір қызметтен келесісіне ауысады, жүйке жүйесін тыныштандырады.

Бастауыш сыныптарда сергіту сәттерін барлық сабақтарда өткізуге болады, бір ғана емес, әр түрлі сергітулерді қолдануға болады. Балаларға өтіп жатқан сабақ тақырыбындағы кішкене өлеңдер мен қиын емес жаттығуларды жасаған қызықты болады. Бастысы, қимылдар қарапайым болып, әр балаға қызықты болуы тиіс.

Қызықты сергітулерді мектепке дейінгі топтарда да қолдануға болады. Сергіту сәттері мидың қызметіне жақсы әсер етіп, жүрек-қан тамыр және дем алу жүйесін іске асырады, ішкі органдардың қан айналымын және жүйке жүйесінің жұмысын жақсартады. Сергіту сәті – тұрақты білім беру қызметінде ойластырылған және маңызды элементтердің бірі. Бұл қажетті және маңызды сәт белсенді және дұрыс демалуға қажет.

Сергітулердің түрлері

Сергіту сәті – бұл шаршағанды басуға бағытталған қызықты жаттығулар. Біріншіден, балалардың неден шаршағанын түсіну керек. Егер балалардың ойлау қабілеті төмендесе, онда қызықты өлеңдерді қолданып, қимыл әрекеттер жасауға болады, ал егер көздері шаршаса, көзге арналған жаттығуларды қолданады.

Әр түрлі сергітулер көп. Сергітулерді кітаптардан, интернеттен табуға болады. Мен сергітулерді мазмұны мен құрылымына қарай және де қолдану аясына байланысты келесі түрлері бойынша бөліп көрсеттім.

1. Бой жазу сергітулері (қозғалыс-сөз)

Қозғалыс-сөз сергіту сәттері әр түрлі топ бұлшықеттерінің демалуға, ми қызметінің іске асырылып, жүрек-қан тамыр, дем алу жүйесі мен ішкі органдардың қан айналымын жақсартады. Сонымен қатар, бұл сергіту сәттері мұғалімнің балаларда қозғалыс үйлестігін дамытып, сөз дағдысын дамытуға ынталандырады, ес пен көңілді іске асырып, шығармашылық қиялды дамытады.

Балаларға ырғақты, тез еске сақталатын өлеңдерге қиын емес қозғалыстар жасаған өте қызықты. Мен жаңа сергітулерді әр сабақта балаларға үйретемін. Сонымен қатар, сабақта балалар білетін сергітулерді қайталаймын. Мысалы, бой жазу сергітулеріне төмендегідей сергітулерді жатқызуға болады:

Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.

Артқа қарай бір адым
Алдыға қарай бір адым
Жоғары төмен қарайық
Орнымызды табайық.

Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

2.Көзге арналған жаттығулар

Қазіргі заманда бала көзіне түсетін жүктеме көп. Бұл дегеніміз – балалар әр түрлі бағдарламалары бар теледидар, компьютер, ұялы телефон және т.б техникалық ойыншықтарды көреді. Ал балалардың көздері ұйықтағанда ғана демалады. Көздің ауытқушылықтарын алдын-алу мақсатында әр жастағы балалардың көздеріне арналған жаттығу пайдалы. Балаларға көздерге арналған электронды сергіту сәттері өте қызықты. Бұл – компьютерлік технологиялардың көмегімен алдын-ала дайындалған көзге арналған гимнастика. Мысалы, балалардың назарына мониторда суретті кесте көрсетіледі. Кесте шетінде көбелек отырады, ол тышқанды басқан сайын суреттің бір шетінен келесі шетіне ұшады. Балалар көбелекті көздерімен бақылап, қай суретке қонғандығын айтады. Бұндай жаттығуды мектепалды топ тәрбиеленушілері мен 1-2 сынып оқушыларымен жасауға болады. Ал 3-4 сынып оқушыларымен көздің демалуы үшін орыннан тұрмай-ақ жоғары, төмен, оңға, солға, көзбен шеңбер немесе өз атының бірінші әріпін салуға болады. Сонымен қатар, егер жаттығулар өлеңмен бірге жасалса қызықты болады.

3.Саусақ гимнастикасы.

Мектепалды топ тәрбиеленушілері мен 1-сынып оқушыларына қолдарына қарындаш не қалам ұстау өте үлкен еңбек. Олар қаламды ұстағанда қатты қысып алады, осылайша қанша қатты ұстасам сонша сурет әдемі болады деп ойлайды. Бұл қол бұлшық еттерінің тез шаршап, демалуды қажет етеді. Осындай жағдайда ең жақсы жаттығу бұл – саусақ гимнастикасы.

Бала, бала балақан,
Кәне, қайсы алақан.
Саусақтарын әйбат,
Былай-былай ойнат.
Топ-топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса, жаса алтын күн
Жаса, жаса жарқын күн

Қане қанат жазайық,
Қарлығашқа ұқсайық.
Ұшып-ұшып алайық,
Орнымызға қонайық.
Білімде алда болайық.

САУСАҚ ОЙЫНДАРЫ

1.«ҚЫЗЫҚ-АЙ»

Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)

Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)

Теуіп және сүзіп-ай (аяқтарын топылдатады, «мүйіз» жасайды)

Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)

Күлкілі, әрі қызық-ай екі қолды жая иықтарын көтереді, бастарын шайқайды)

Аша алмады бұзып-ай (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)

Басын ауыртты, тапқаны (жұдырықпен аяқтарын қатты нығарлайды)

Күлкілі, әрі қызық-ай (екі қолмен бастарын сипайды, иықтарын көтереді)

Қой қағып тұр қақпаны (сөз ырғағына сәйкес жұдырықпен аяқтарын соғады)

Соғар қойдың өзін-ай (қабағын түйіп, сұқ саусақпен доқ көрсетеді)

Табылар ма жан қане (екі қолды жая иықтарын көтереді)

2.«САЛАТ»

Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеідеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)

Қанттай сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Қаймақ құйып сәндейміз (қолды жұдырыққа түйген күйі (қаймақ құйған сияқты) қол білегін жоғары-төмен қозғайды)

Міне, дайын нәр тағам- (екі қолын алдына жайып көрсетеді)

Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын білдіреді)

3.«ҚОЛТЫРАУЫН»

Қолтырауын қонақ күтуде (екі қолдың саусақтарын түйіп қайта ашып қалады)

Тістері тура шегедей (саусақтарын ашқан күйі оң алақанды сәл дөңгелетің үстіне беттестіре саусақтарды сәл дөңгелете «қолтырауынның аузын ашқан сияқты» ашып-жабады)

Бұл жерден қой өтпеді ме? (қолды төмен бос тастап, иықты жоғары көтереді)

Деп сұрадым ойын білмекке (алақандарын бір-біріне ысқылайды)

Ал ол болса тымпиып жатыр (көздерін қысады)

Көзін қысып қылқиып жатыр

4.«КІМ КЕЛДІ?»

Қане, қане кім келді? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын созады)

Біз, біз, біз! (екі қолдағы бас бармақтарды қосып ұстап, қалған саусақ ұштарын бір мезгілде соғады)

Апа, апа, бұл сіз бе? (екі қолының бас бармақтарының ұштарын созады)

Иә, иә, иә! (сұқ саусақтарының ұштарын соғады)

Әке, әке, бұл сіз бе? (екі қолдарының бас бармақтарының ұштарын соғады)

Иә, иә, иә! (ортаңғы саусақтардың ұштарын соғады)

Ағатайым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)

Иә, иә, иә! (аты жоқ саусақтардың (шылдыр шүмек) ұштарын соғады)

Қарындасым, бұл сіз бе? (екі қолдың бас бармақтарының ұштарын соғады)

Иә, иә, иә! (кішкене саусақтардың ұштарын соғады)

Біздер тату жанұя (барлық саусақтардың ұшымен бірге соғады)

Иә, иә, иә! (алақандарымен шапалақтайды)

5.«ТОРҒАЙ»

Саусақтары бас

Алақан қанат (алақандар өзіне қарайды, үлкен бармақтар өріледі.

Саусақтарды қозғау)

6.«ҮКІ»

Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман»))

Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді»))

Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері»))

Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі»))

Әрі-бері отырды да (қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады)

Қараңғыға қанат қақты

7.«МЫСЫҚ»

Мысық біздің саққұлақ

Тышқанды жақсы есту үшін бірақ (ортаншы және төртінші саусақтар бас бармаққа тіреледі, сұқ саусақ және кішкентай саусақ жоғары қарайды)

8.«ҚАЗ»

Қаз тоқтамай қанқылдайды

Жақындасан шымшылдайды (білек тік, алақан түзу. Сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі. Барлық саусақтар бір-біріне жабысып тұрады)

9.«ҚОРАЗ»

Қораз, қораз коқылдақ

Ерте тұрар қоқылдап
Алтын айдар басында
Ән салар үй қасында (алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі,
қалған саусақтардың аралары ашық үстіге қарайды)

10.«ДОП»

Он, тоғыз (алақандарымен шапалақтайды)
Сегіз, жеті (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады)
Төрт, үш (алақандарымен шапалақтайды)
Екі, бір (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады)
Доп ойнайық (алақандарымен шапалақтайды)
Кел, жүгір (қолдың біресе ішімен, біресе сыртымен көздерін жабады)
Тек білейік (әр сөз ырғағымен шапалақтайды)
Анық нық (әр сөз ырғағымен аяқтарын топылдатады)
Допты алып қашқан (отыра қалады)
Кім қумақ?

11.«СӨЗДЕР»

1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды)
Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды)
Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортаңғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре ұстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүге «құлақ» жасайды)
Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік ұстайды «мүйіз» жасайды. Бас бармақ, ортаңғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі)
Сиыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп үлкен «қарбыз» жасайды)
Қарбыз-жолақты сөз екен

12.«ШАЯН МЕН МЫСЫҚ»

Тасасында көпірдің (сол қолды шынтақтан бүге, алақандарды төмен қарата алдына ұстап «көпір жасайды». «көпірдің астына оң қол саусақтарын төмен қарата ұстай «көп аяқты шаян сияқты» жыбырлатады)
Кәрі шаян тұрыпты (алға созылған оң қолдың үстімен иықтан төмен қарай сол қолдың 2-ші және 3-ші саусақтарын жүгіртеді)
Көпірден өткен мысықтың (иықтан төмен «жүгірген» саусақтар қолдың басына келгенде саусақты оң қолдың жұдырығында қысып ұстап қалады)
Құйрығынан жұлыпты (сол қолдың кішкентай саусағы оң қолдың жұдырығында қысылған күйі 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарды бас бармақпен біресе біріктіре, біресе қайта ашып мияулаған мысықтың аузын бейнелейді)

«Құтқарындар, (сол қолдың кішкентай саусағын қыса ұстаған оң қолдың саусақтарын біртіндеп ашады)
Мяу-мяу-мяу! (екі қолды бірінің үстіне бірін қоя екі қолдағы барлық саусақтарды тез-тез «жүгіртеді»
Босатындар шаяннан!» (сөздің айтылу ырғағына сәйкес алақандарын шапалақтайды, соңғы сөзге аяқтарын топылдатады)
Қане, кім бар келіндер!
Мысыққа көмек беріндер!

13.«СӘЛЕМ»

Сәлемдесем әрдайым (екі қолдарын айқастырып кеуделеріне қояды)
Үйде және көшеде (екі қолдарын алға жаяды)
Тіпті «сәлем» - деймін мен («қанаттарын» екі қолдарын сәл көтеріп, қайта түсіріп қағып тұрады)
Тауыққа көрші үйдегі (бір қолдың сыртын екінші қолдың алақанына беттестіре саусақтарды жан-жаққа аша «күн» жасайды)
Сәлемет пе, (екі қолды жоғары соза аспанды көрсетеді)
Шуақты күн көкте! (екі қолды жоғары көтере екі жанына кезек теңселеді)
Сәлемет пе, (екі қолды төмен түсіре, қол бастарын бір-бірінің үстіне қойып алдына ұстайды)
Нұрлы аспан көкпеңбек! (оң жаққа оң қолын жаяды)
Сәлемет пе, (сол жаққа сол қолын жаяды)
Самал жел желпіген» (оң қолдың сұқ саусағын алдына тік ұстай оңға, солға кезектестіре шайқайды)
Сәлемет пе, (бастарын шайқайды)
Кішкентай түбіртек!
Сәлем, таң жаңа атқан!
Сәлем, күн арайлы!
Сәлемге еріну!
Бізде әсте болмайды

14.«ӨРМЕКШІ»

Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы)
Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады)
Нөсер тек кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақаның үстінен тез «сырғанап түседі»
Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды)
Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі)
Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады)
Өрмекші өрмек тоқуға

Кірісті, дереу, тезірек

4. Релаксациялық жаттығулар

Бала қатты қобалжып, абыржыған кезде эмоционалдық күш салынады, кейбір бұлшық ет топтарында шамадан тыс қобалжу пайда болады. Балалар өз бетінше бұл қобалжудан арыла алмайды, сондықтан бұлшық еттерді босаңсытқанда эмоционалдық қобалжу әлсірейді немесе толығымен кетеді.

Шапалақ.

Балалар шеңберге тұрып қолдарын созады. Мұғалім 3 деген кезде, барлықтары бір уақытта қолдарымен шапалақ соғуға тиісті.

Балалар сендердің көңіл - күйлерің қандай?

Сендер көңіл - күйлеріміз жақсы дедіңдер. Енді осы жақсы көңіл - күйлеріңді көрсетіңіздерші.

Көңілді болғанда не істейміз?

Ренжігенде...

Қорыққанда...

Қуанғанда...

Таң қалғанда...

Шапалақты тыңда

«Жұдырықты ашу»

жаттығуы

Мақсаты:

Мұғалімдерарасындабір-бірінедегенсыйластықты, мейірімділікті, сенімділіктіқалыптастыру.

Нұсқау:Топ екігебөлінеді. Бірінші топжұдырықтарынтүйіп отырады, алекіншісісолжұдырықтыашуғатырысукерек. Оныкүшпенемес, жақсысөз, комплимент айтыпашуыкерек. Екі топалмасып әріқарайжалғастырады.

«Тұлғаның өзіне сенімділігін психологиялық дайындау»

Мақсаты: Өзі туралы ойын дамыту, коммуникациялық іскерлікті жетілдіру, сенімді сезіну

үшін тұлғаны психологиялық күйге келтіру.

Ыңғайлы отырыңыздар. Көздеріңізді жұмыңыздар.Өз

денелеріңіздісезініңіздер және бос

ұстаңыздар.

Дене демалады, ал сана-сезім сергиді. Аспанға қарап

отырмын деп ойлаңыз-дар. Ішіңізден. Аспанды сезініңіз. Табиғат

көркемділігін

байқадыңыз.Айналадағы шуылдаған құстардыңшырылдаған дауыстары

неткен керемет!

Кенеттен, сіз бір әсем әуенді естисіз! Әуен

бағытына қарай ұмтыламыз.Сіз орман ішіне қарап зәулім сарайды байқайсыз.

Зәулім

сарайдыңжартылай ашылған есігінен әсем
әуен естіледі.
Сіз зәулім сарайдың ішіне кіресіз. Айналаңыздықоршағантөрт
қабырғадакөркем де керемет
суреттер. Сол көркем суреттердікөру
үшін сіз әр қабырғаны жағалап, ұстап көресіз.Айналаңыздағы қоршаған төрт
қабырғадакөркем де кере-мет суреттер.
Сол керемет суреттерді көру үшін сіз әр қабырғаныжағалап өтесіз. Ол
суреттерде сіздің
қиял-ойларыңыз бейнеленген. Бірінші қабырғаға.., екінші қабырғаға...,
үшінші
қабырғаға..., төртінші қабырғаның соңындасіз аппақ, әрі жұмсақ демалатын
жерді байқайсыз. Кенеттен,
шаршағаныңыздыбайқайсызда, сол жерге демалуға жатасыз. Өз денелеріңізді
көз алдыңызға елестетесіз... басыңыздан бастап, аяғыңыздың ұшына дейін...
енді
керісінше аяғыңыздың ұшынан басыңызға дейін.
Сіздер демалыңыздар, жеңілдеңіздер, жай ғана тұрып,
бойыңыздағы ҰБТ-ға байланысты өз қорқынышымызды, үрейімізді,
сенімсіздігімізді,
барлық кері әсер-лердітастап артқа
қарамайесіктен шығып, жауып кетеміз.
Сіздер көңілді ,қайратты, қажырлысыздар.
Ешқашан жүректілік пен
оптимизімді жоғалтпаңыздар! Табанды және қайрат-ты болыңыздар! Мен
сіздерді барлық өз қабілеттеріңізді қазір
де, ертең дежәне одан кейінгікүндердеде үнемі, жігерлілікпен
дамытуларыңызға дем беремін... Сіз өзіңіздің басыңызды мықты, ақылды
болғанын
сезініңіз және солай деп ойлаңыз. Сезініңіз-сіз сергексіз! Сіз ештеденен
қорықпайсыз! Сіздің күшіңіз көп, қайратты, өзіңізге сенімдісіз! Сізде бәріде
болады.!
Сіз үлкен шыдамдылықтың арқасында
жақсы оқисыз, көңіл күйіңіз жақсы, орындалмай қалған жұмыстың орнын
тезіректолтыруға ынтызарсыз.
Сіз ойыңыздыңайқындылығының артқанын, көңіл
күйіңіздіңжақсарғанын, сезгіштігіңіздіңжоғарлағанын сезініңіз.
Өміріңізге жаңа күштердің
қосылғанын сезінесіз.! Сізде бәрі алда! Сіз таланттысыз! Сізде бәрі де
болады!
Сіз қайтадан табиғат аясындасыз.
Шексіз аспан... Ораламыз.
Тамаша... Жұмысымызды аяқтаймыз.
Сіз өзіңіз туралы ойыңызды аяқтаға-ныңызды, өзіңіздің демалғаныңызды

сезінген
кездекөзіңізді ашыңыз.
Сонымен әркім қашан көзін ашқысы
келсе, сол кезде көзін ашады.

5. «Аялы алақан» жаттығуы.

Әр қатысушы өз
парағына алақанының суретін салады да, өз орнында қалдырып кетеді, келесі
қатысушының орнына барып, оның алақаны салынған суреттің ішіне оған
жақсы тілек
жазады. Осылай шеңбер бойымен барлығы бір-біріне тілек жазып шығады.

Бойды сергек тік ұста,
Емін-еркін тыныста.
Оң қолыңды соз алға,
Қол ұшына қара да,
Үшбұрыш сыз ауада,
Сол қол босқа тұрмасын,
Шеңбер жасап тынбасын.

Бір саусағым тіпті де,
Ұстай алмас жіпті де.
Екі саусақ бірікті,
Ине қолға ілікті.
Үш саусағым орайды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ.

1 дегенде тұрайық,
2, 3, 4 – алақанды соғайық,
Оң жаққа бұрылып,
Сол жаққа бұрылып,
Бір отырып, бір тұрып,
Біз жүгіріп алайық.
5 дегенде асықпай,
Орнымызды табайық.

Ормандағы аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп аламыз,
Қалтамызға саламыз.

Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені құрайық.
Уықтар боп иіліп,

Киіз үйді құрайық.

Қане балалар, тұрамыз,

Бойымызды жазамыз.

Балықтарға ұқсап біз,

Жүзіп-жүзіп аламыз.

Қоюланып қара бұлт,

Жаңбыр жауды себелеп,

Жапырақты жамылып,

Жата қалды көбелек.

Бармақ болып жұмысқа,

Қырға шықты құмырсқа,

Тоңып кетіп аяғы,

Қырға қайтып шығады.

Ой – ой – ой,

Әне аю келеді.

Құмырсқаны көреді.

Енді қайтып құтылар,

Илеуіне тығылар.

Апам үшін күнде мен, (әндете)

Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай)

Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай)

Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру)

Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай)

Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай)

Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай)

Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)

«Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Бас бармақ,

Балаң үйрек,

Орган терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

Біз гүлдерше өсеміз,

Жапырағы жайқалған

Сабақтары салалы,

Оларды атап шақырар,
Әрқайсысының аты бар.

Желмен бірге ырғалған.

Тепе-теңдік жолменен,

Арасында мен келем.

Бір, екі, үш, төрт,

Келе жатқан жете алмай,

Мынау бздің мекен-жай.

Қоюланып қара бұлт,

Жауды жаңбыр себелеп.
Жапырақтың астына,
Бұға қалды көбелек.

Топ-топ, топ-топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса - жаса жарқын күн,
Жаса -жаса алтын күн.

Біздер тату баламыз,
Гүл -гүл жайнап жанамыз.
Жаттығулар жасасақ,
Жақсы серігіп қаламыз.

Шаршаса қолымыз,
Оңымыз, солымыз.

Аспанға қарап ай көрдім,
Жерге қарап жер көрдім.
Оңға бқырылып, солға бұрылып,
Егеменді ел көрдім.
Қолды сермеп аламыз,
Үлкен адам боламыз.

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы қырлы жерлермен
Ытқып ытқып жүгірді.

Ал, кәнеки көжектей,
Ырғып- ырғып қашайық.
Шөпке тойған көжектей,
Танаудан дем алайық.

Он, жиырма, тоқсан, жүз,
Тойлаймыз ата тойын біз.
Ғабит ата өзіндей,
Біз жазушы боламыз.
Жазған аңыз, ертегінді,
Ынта қоя оқимыз.

Қырғаул болып ұшамыз, ұшамыз.
Түлкі болып қашамыз, қашамыз.
Қырғаулдай тапқыр боп, тапқыр боп,
Орнымызға қонамыз, қонамыз.

Былай - былай ойнаймыз,
Күш жігерді жинаймыз.

Жаза, жаз қолымыз,
Талып кетті қолымыз.
Бір, екі, үш,
Бойға жинап күш,
Терезені ашайық.
Шаң тозанды басайық,
Жалқаулықты тастаймыз,
Қайта сабақ бастаймыз.

Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай ағаштар,
Үп-үлкен боп өседі.

Қорбаңдаған аюдың,
Құлпынайы көп екен.
Теріп- теріп алайық,
Қалтамызға салайық.

Тік ұста бойыңды,
Жоғары соз қолыңды.
Соз қолыңды тағы да,
Жеткіз жираф мойына.

Бір, екі, үш,
Дем аламыз жинап күш.
«Бес»- тік баға аламыз,
Қуанып үйге барамыз.

Күнге тосып арқасын,
Шуақтайды тау- тасың.
Қар астынан қылтиып,
Шыға келді жауқазын.

Қолдарын кеудесіне қойып - Менің,
Қолдарын жайып - Отаным,
Шапалақтап - Қазақстан!
Жоғары- төмен қарайық,
Оңға, солға түзу тұр.
Бойымызға күш жинап,
Біз дем алып алайық.

Бөбегім тұршы,
Бетінді жушы.
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.
Бала, бала, балақан,
Қәне, қайсы алақан?
Саусақтары әйбат,
Былай- былай ойнат.

Орнымыздан тұрайық,
Мойнымызды бұрайық.
Қолымызды көтеріп,
Алақанды созайық.

Қол ұстасып тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уықтай боп иіліп,
Киіз үйді құрамыз.

Айнаға қараймын,

Шашымды тараймын.
Үстімді түзеймін,

Оңға бұрам басымды,
Солға бұрам басымды.

Ұсталардай тарсылдап,

Дүкенге бардым,
Қолшатыр алдым.
Желдеткіш алдым,
Велосипед алдым.

Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаншылар.
Керегелер керіліп,
Өрімдей боп өрілер.
Бәріміз жүрсек айналып,
Киіз үй боп көрінер.

Менің атым Алма,
Он саусағым талма.
Домбыра тартып берейін,
Билейтінің бар ма?

Аппақ болып таң атып,
Түтін тіке шығады.
Қарлығаштар қанатын,
Мойнымызды әрлі-берлі бұрайық.
Қомдап алып, қанатыңды ұша ғой,

Шаршасандар балалар,
Қолдарыңды созыңдар,
Саусақтармен ойнаңдар,
Сонан соң қолдарыңды сермендер.
Денелерің шынықсын,
Саналарын тынықсын.

Алға қарай бір қадам,
Артқа қарай бір қадам.
Оңға қарай бір қадам
Солға қарай бір қадам.
Бір отырып, бір тұрып,

Шегелерді қағамыз.
Әшекейлеп, әдемілеп,
Қағазды да қиямыз.

Самғап биік ұшады.

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Бесті беске қосқанда,
Болады екен он саусақ.

Қарлығашқа ұқсайық,
Қане қанат қағайық.
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып, ұшып қонайық.

Аққу болып ұшамыз,
Көлге келіп қонамыз.
Көлдің бетін құшамыз,
Қайта самғап ұшамыз.

Қане, балалар, тұрайық
Қайта орлып, анашыңды құша ғой.

Бір отырып, бір тұрып,
Сәл тынығып ал адам.

Орнымыздан тұрамыз
Алақанды ұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып аламыз.

Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір.
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ,
Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай - ақ.

Бір екі, бір екі, аяқты аламыз.
Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз.
Біз жауынгер баламыз.
Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз.
Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде
Ел қорғайтын боламыз.

Оңға қарай бір адым,
Солға қарай бір адым.
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.
Оқимыз, жазамыз,
Біз мектепке барамыз.
Оқимыз, жазамыз,
Күнде бестік аламыз.

Біз орманда келеміз,
Күн бұлттанды.
Жаңбыр жауды
Жаңбыр қайта жауды.
Күн басылды,
Қабағымыз айдай ашылды.

Шаршаса қолымыз,
Оңымыз, солымыз.
Былай былай ойнаймыз,
Күш жігерді жинаймыз.

Ал, балалар, бір ауыз,
Рет санын ұғалық.
«Бір» дегенде отырып,
«Екі» дегенде тұралық.

Бір, екі, үш,
Бойға жинап күш.
Қолға қалам аламыз
Әдемі етіп жазамыз.

Шынығу үшін шымыр боп,
Шынығамыз шаршамай.
Бұлшық еттер шымыр боп,
Аламыз сосын тыныс жай.

Қақпаға туралап,
Доп тепті оң аяқ.
Қақпаға туралап
Доп тепті сол аяқ.
Оң аяқ, сол аяқ.
Жаттығу оңай-ақ.

Жабырқауды білмейміз,
Жалқаулықты сүймейміз.
Біз – талапты жас ұлан
Үлгі аламыз жақсыдан.

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқи-ытқи жүгірді.

Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір.
Қараймыз бәріміз
Аяққа бір, қолға бір

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Беске бесті қосқанда
Болады екен он саусақ.
Жаза-жаза сауағым

Әлсіреді шаршады.
Оңға, солға бұрамыз,
Сосын қайта жазамыз.

Бала-бала балақан,
Қане қайсы алақан.
Саусақтарың әйбат
Былай-былай ойнат.

Қане балалар тұрайық,
Қолды белге қояйық
Оң аяқ, сол аяқ
Шынығып алайық.

Шаршасаңдар балалар
Қолдарыңды созыңдар
Бір,екі,үш,төрт,бес
Саусақтармен ойнаңдар
Денелерің шынықсын
Саналарың тынықсын

Біз аяқпен топылдаймыз,
Біз қолмен шапалақтаймыз.
Баспен біз шайқаймыз

Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз.
1,2,3 қарлығаш боп ұшамыз.
Қоян шықты далаға,
Жан-жағына қарады.
Жүгірді, секірді.
Орнына келіп отыршы.

Орнымыздан тұрайық
Қолымызды жаяйық.
Қарлығашқа ұқсайық
Ұшып, ұшып .

Қолымызды көтереміз
Одан кейін ақырын
Орнымызда жүгіреміз.

Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей, иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ. Жаттығу оңай-ақ.

Жел еседі бетімізге,
Шалқаяды ағаштар.
Желге айтамын тыныш-тыныш
Тынышталсын ағаштар.

Ішке тартып ауаны,
Демінді алшы тереңнен.
Денсаулықтың жауабы,
Қайталасаң менімен.

Аю, аю тұршы,

Беті қолыңды жушы
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.

Ұзын құлақ сұр қоян,
Естіп қалып сыбдырды.
Ойлы-қырлы жерлермен
Бітқи-ытқи жүгірді.

Бала, бала баламыз
Бақшаға барамыз
Күні бойы қызыққа
Батамыз да қаламыз.

Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір.
Қараймыз бәріміз
Аяққа бір, қолға бір

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Беске бесті қосқанда
Болады екен он саусақ.
Жаза-жаза сауағым
Әлсіреді шаршады.
Оңға, солға бұрамыз,
Сосын қайта жазамыз.

Бала-бала балақан,
Қане қайсы алақан.
Саусақтарың әйбат
Былай-былай ойнат.

Қане балалар тұрайық,
Қолды белге қояйық
Оң аяқ, сол аяқ
Шынығып алайық.

Шаршасандар балалар
Қолдарыңды созыңдар
Бір, екі, үш, төрт, бес
Саусақтармен ойнаңдар
Денелерің шынықсын

Саналарың тынықсын

Біз аяқпен топылдаймыз,
Біз қолмен шапалақтаймыз.
Баспен біз шайқаймыз
Қолымызды көтеріміз
Одан кейін ақы
Орнымызда жүгіреміз.

Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей, иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ.
Жаттығу оңай-ақ.

Жел еседі бетімізге,
Шалқаяды ағаштар.
Желге айтамын тыныш-тыныш
Тынышталсын ағаштар.

Ішке тартып ауаны,
Демінді алшы тереңнен.
Денсаулықтың жауабы,
Қайталасаң менімен.

Аю, аю тұршы,
Беті қолыңды жушы
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы.

Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз.
1,2,3 қарлығаш боп ұшамыз.
Қоян шықты далаға,
Жан-жағына қарады.
Жүгірді, секірді.
Орнына келіп отыршы.

Орнымыздан тұрайық
Қолымызды жаяйық.
Қарлығашқа ұқсайық
Ұшып, ұшып алайық.

Топ-топ
Доп –доп
Допты теуіп қалдым
Доп жоғалды
Доп жоқ
Қап, қап
Тап,тап

Ормандағы аюдың
Құлпынайы көп екен
Теріп, теріп алайық.

Ал балалар, тұрайық.
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып
Біз тынығып алайық.

Шаршамаймыз ешқашанда,
Демаламыз бой жазып
Жүгіреміз, секіреміз,

Қане, балалар тұрайық.
Қолды белге қояйық.
1,2,3 – Достық, берік, күш!
Баста алға түс!
Құстай жылдам ұш!

Торғай, торғай, тоқылдақ
Жерден тары шоқып ап
Бөтегесі томпайып,
Шиқ – шиқ етіп отырады.

Жүгіреді тез тышқан,
Мысық оны қуады.
Мияу – мияу – мияулап
Жете алмай қалады.

Орнынан тұршы,
Бетінді жұшы,
Айнаға қарашы
Шашыңды тарашы.
Бір, екі, үш,
Биік секір – толсын күш.

Көңілденіп ән салып.

Секірейік , жүгірейік,
Қуанайық,, күлейік.
Отырайық,, демелайық,
Демалып – ап жүрейік.

Добым, добым, домалақ
Тоқтамайсын домалап.
Қыс келді! Пришла зима!
Много снега принесла.
Қар жауды.Снег идет
Скоро будет -Новый год!

Прыг- прыг, хлоп – хлоп,
Мы играем с другом в доп.
Мяч взлетает к облакам
И летит обратно к нам.

Орнымыздан тұрайық,
Шеңбер жасап алайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Қолымызді жаяйық,
Құс боп қанат қағайық.

Орнымыздан тұрамыз,
Қолды белге қоямыз.
Иілеміз оңға бір,
Иілеміз солға бір.
Жоғары қолды созамыз,
Аяқтың ұшында тұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз тынығып аламыз.

Қане, балалар, тұрамыз,
Ұлкен шеңбер құрамыз.

Қолды алға созамыз,
Отырып бір тұрамыз.
Оңға, оңға тұзу тұр.
Солға, солға тұзу тұр.
Алға қарай бір адым,

Балық болып жүземіз,
Шынығамыз суда біз.
Шынықсақ біз бәріміз,
Шымыр болып өсейіз.
Бір, екі, үш- білекке күш.
Бір, екі, үш-аяққа күш.

Үлгереміз әр іске:
Үйренеміз әріпті,
Үйренеміз санауды,
Ән айтуды, билеуді.
Бәрін білгім,
Бәрін білгім,
Бәрін білгім келеді.

Аппақ, аппақ-бәрі аппақ,
Ақ қар аппақ. бор аппақ.
Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ.
Ақ сүт, айран, қант аппақ.
Е. Өтетілеуұлы

Тік жүреміз, бұрылыс
Оңға ма, солға ма?
Дың-дың-қоңыраумын,
Дың-дың- соғыламын.
Мені тыңда, жол табамын.

Қызыл, жасыл, көк...
Қызыл алма,
Жасыл шөп,
Көк аспан,
Алтын, сары күн.
Тамаша бүгін күн.

Он қолымда- бес саусақ

Артқа қарай бір адым.
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

Сол қолымда –бес саусақ.
Алақанды ашамыз,
Бәрін санап аламыз.

Алақай-ау, алақай!
Қандай жақсы көктем ай!
Нұр жамылды далалар,
Келді ауылға көп торғай.

Ертемен күнде мен
Киімімді киемін.
Киімді тәртіппен,
Кию керек- Білемін.

Қолыммен мен жазамын,
Қолыммен мен бояймын.
Аяғымен жүгіремін,
Секіремін, билеймін.

Бала,бала,балақан,
Қане, қайсы алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай былай ойнат.

Топ,топ, топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жас,жаса, алтын күн.
Жаса,жаса, алтын күн.

Біз аяқпен топылдаймыз,
Біз қолмен шапалақтаймыз,
Баспен біз шайқаймыз,
Қолды жоғары көтереміз.
Одан кейін түсіреміз,
Одан кейін ақырын
Орнымызда жүгіреміз.

Бас бармағым –папам.

Балан үйрек-апам.
Орған терек-ағам.
Шылдыр шүмек-мен.
Кішкентай бөбек-сен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

Бірім-бір,
Екім-екі,
Үшім-үш,
Төртім-төрт,
Бесім-бес,
Алтым-алты,
Жетім-жеті,
Сегізім-сегіз,
Тоғызым-тоғыз,
Оным-он,
Қайталашы, ай-күнім.
Қатар-қатар тұрайық,
Сапқа тұрып, сұрайық,
Кімнің болса бойы ұзын-
Бастаушысы қатардың.
Ал, бастаушы, бас алға,
Бәрімізді басқар да.
Алға басып, біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік.
Қалып қойма бірін де,
Біз кеттік,
Жүрісті біз үдеттік!

Қызыл, жасыл, көк...
Түрлі түстер көп.
Қызыл алма,
Жасыл шөп,
Көк аспан,
Алтын, сары күн.
Тамаша бүгін күн.

Сағаттың тіліндей,
Иіліп онға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір

Он аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай-ақ.
Алға қарай бір қадам,
Артқа қарай бір қадам,
Солға қарай бір қадам,
Онға қарай бір қадам,
Бір отырып, бір тұрып,
Сәл тынығып, қайтала.

Жаңбыр жауды тамшылап,
Жерге түсті жапырақ,
Құстар кетті, балақай,
Күз де келді, алақай!

1. Еркін ұста денеңді,
Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

2. Орманда кірпі келеді,
Саңырауқұлақ тереді.
Кездесті, міне, керегі:
Екеуі қайың астынан.
Біреуі терек қасынан.
Қанша олар болмақ есепте,
Тоқылған салса себетке?

3. Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай бөбектер
Үлкен болып өседі.

4. Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.
Жаттығу жасаймын.
Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

5. Еркін ұста денеңді,

Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

6. Өсеміз біз күліп-ойнап,
Он саусақтың саласындай,
Өсеміз біз күліп-ойнап,
Бір адамның баласындай.

7. Бала, бала, балапан
Қане, қайсы, алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.
Бала, бала, балапан
Қане, қайсы, алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.

8. Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды ұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Тез шынығып шығамыз.

9. Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай-ақ.

10. Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады)
Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды)
Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды (жарты доға жасайды)

11. Тәулік бойы тынбайтын,
Болайықшы ақ жаңбыр (Ақырын жауған жауын тырсылын жасайды)

Астан-кестен жауатын
Өткінші енді біз жаңбыр (Тез-тез жауған жаңбыр тырсылын келтіреді)

12. Қырғауыл боп ұшамыз, ұшамыз (Екі қолымен қанат жасап ұшады)
Түлкі болып қашамыз, қашамыз (Бір орындарында тұрып жүгіреді)
Қырғауылдай тапқыр боп, тапқыр боп,
Орнымызға қонамыз (Бәрі орындарына отырады).

13. Орманның біз емшісіміз
Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады)
Құрт біткенді жоқ етеміз
Жоқ, жоқ, жоқ, (Қимыл көрсетеді)
Тоқ, тоқ, тоқ,
Жоқ, жоқ, жоқ.

14. Аққу болып ұшамыз
Көлге келіп қонамыз
Көлдiң бетiн құшамыз
Қайта самғап ұшамыз.

15. Иіліп оңға бір,
Иіліп солға бір.
Денемізді дұрыстап,
Тұрамыз тік ұстап.

16. Әппақ болып таң атты,
Түтін тіке шығады.
Қарлығаштар қанатын
Самғап биік ұшады.

17. Топ-топ, топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса, жаса алтын күн
Жаса, жаса жарқын күн. (балалар қолдарын соғады)

18. Шынығамыз, жастай біз,
Жаттығуды бастаймыз.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш
Бойымызға жинап күш.
Шынығамыз, жастай біз,
Жаттығуды бастаймыз.

19. Шаршасандар, балалар,
Қолдарыңды созыңдар.
Саусақтармен ойнаңдар,
Қолдарыңды сермендер.

Денелерің шынықсын,
Саналарың тынықсын.

20. Бір, екі, үш, бір, екі, үш,
Бойға жинап күш.
Жаттығу жасап алайық,
Бір дем алып қалайық.

21. Бір, екі, үш
Бойға жинап күш.
Жаттығуды жасаймыз
Шынығуды бастаймыз.

22. Жолдарыңа үңіліп,
Екі бақа жүгіріп,
Секіреді, бақ-бақ,
Ағаштарды аттап.
Олар ерте тұрады,
Беті-қолын жуады.
Оңға-солға шайқалып,
Бақылдайды ән салып.
Судан шіркей табады,
Өсіп үлкен болады.
Бақ-бақ, нақ-нақ,
Біздер айттық тақпақ.
/Б.Бөрібаев/

23. Бір, екі – еңкей,
Бүгілмесін тізең.
Үш-төрт шалқай
Иілмесін тізең.
Қолды көтер аспанға
Саусақты сөз, жасқанба.
/Б.Бөрібаев/

24. Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік.
Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік.
Қолды создық, басты бұрдық – екі деп,
Қозғалыспен әрбір адам жетіледі.
Алға, артқа қарадық та – үш дедік.
Тағы жаңа жаттығулар істедік.
Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып,
Отырайық көңілді енді марқайтып.
/Б.Бөрібаев/

25. Оңға түзу тұр,
Солға түзу тұр.
Алға бір адым
Артқа бір адым.
Оңға бұрылып,
Солға үңіліп
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

26. Оңға, солға бұрылды,
Алға, артқа иілдік.
Тіземізді бүктіріп,
Қолды создық тік тұрып.

27. Секіреміз топ-топ,
Шапалақтап көп-көп.
Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,
Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.

28. Біз балдырған баламыз,
Құстай қанат қағамыз.
Дүниені аралап,
Оқып білім аламыз.
Көзді салып қараңыз,
Былай қанат қағамыз.
/Б.Бөрібаев/

29. Тез қозғалып осылай
Жаттығулар жасайық.
Жақсылықты үйреніп,
Жамандықтан қашайық.
/Б.Бөрібаев/

30. Тереңдет ойыңды,
Тік ұста бойыңды.
Құстарға ұсайық,
Қалықтап ұшайық.
Шық алға оң қанат,
Шық алға сол қанат,
Шаршаған кездерде
Қонайық жорғалап.
/Б.Бөрібаев/

31. Бір үйде біз нешеуіміз?

Кел санайық, екеуміз.
Бас бармағым - папам,
Балаң үйрек - апам.
Орған терек - ағам
Шылдыр шүмек - мен
Титтей бөбек - сен.
Бір үйде біз нешеуміз?
Бір үйде біз бесеуміз.

32. Айнадағы бейнедей,
Қимылдарды қайтала.
Бір сөз айтсаң сен оған
О-дан жауап қайта ма?
/Б.Бөрібаев/

33. Айнаға қараймын
Шашымды тараймын.
Бақытты боламын,
Сымбатты боламын.
Әрқаша тазамын,
Бәрінен озамын.

34. Ендібіз демаламыз,
Айналаны шоламыз.
Қол-аяқты кезекпен,
Оңға-солға созамыз.
Күн шыққанда сүйініп,
Бәйшешектей иіліп,
Біз тынығып аламыз.
Жиі-жиіжаттығып,
Үлкен кісіболамыз.
/ Б.Бөрібаев/

35. Алға қарай бір адым,
Артқа қарай бір адым
Бір орнымда қозғалып,
Кезек басып тұрамын.
Жоғары, төмен қарайық.
Орнымызды табайық.

36. Біз бесеуміз, бесеуміз.
Бес тармақты жұлдызбыз.
Біз бесеуміз, бесеуміз
Ақ қалпақты құндызбыз.
Аяғымыз қайда екен,

Тез қозғалсақ пайда екен.
Бізден биік секірет
Мықты жандар бар ма екен?

37. Оңға бір,
Солға бір,
Бұрылып жолдары,
Жолаушы жүреді.
Соңынан жүгіріп,
Бұтаға үңіліп,
Сүрініп, тығылып
Күшігіреді.
/Б.Бөрібаев/

38. Бала, бала, балақай,
Қол соғайық, алақай!
Бір,екі,үш деп айтайық,
Саусақтарда тартайық.
Жалқау бала болмайық,
Қолды қысып, ойнайық.
/ Б.Бөрібаев/

39 Ал, балалар, тұрайық.
Алақанды ұрайық
Оңға қарай иіліп
Солға қарай иіліп
Бір отырып, бір тұрып,
Бойымызды созайық
Беліміздіжазайық.
Оңға-оңға түзу тұр
Солға-солға түзу тұр
Жоғары-төмен қарайық
Қолымызды созайық
Бойымызға күш жинап
Бір шынығып алайық.

40. Орнымыздан тұрамыз,
Қос бүйірдісығамыз.
Оңға, солға бұрылып,
Бір айналып шығамыз.
Бір,екі, үш, төрт, бес
Қолды қолға ұрамыз.
/ Б.Бөрібаев/

41. Көп отырып, шаршадық,
Қозғалуды аңсадық.
Жүгіргіміз келеді
Әдемілеп ән салып,

Топ-топ басайық,
Жаттығулар жасайық.
Қайырымды жан болып,
Жамандықтан қашайық.

Ұшқандай боп кекілік,
Биік-биік секіріп,
Ойнап-ойнап, тез өсіп,
Кетеміз біз жетіліп.

Тұрып қалмай жантайып,
Бір еңкейіп, шалқайып,
Жылдам-жылдам қозғалып,
Асқақ әндер айтайық.

II. Санамақтар

Бес саусақ

Бас бармақ бауға барды,
Бір дегенім бүркіт,
Қалады аңдар үркіп.
Екі дегенім есік,
Білмейді ол есеп.
Үш дегенім үкі,
Ұстап жеді түлкі.
Төрт дегенім тиін.
Бес дегенім бұлбұл,
Сайрағанда дүл–дүл.
Алты дегенім арғымақ,
Бір дегенім таяқ қой,
Дөңдеу жерден қарғымақ.
Жеті дегенім жайын
Жайынның жейміз майын.
Сегіз дегенім серке.
Енесіне ерке.

Тоғыз дегенім—түлкі,
Жүрген жері күлкі.
Он дегенім оймақ,
Осымен сөзді қоймақ..
(Т.Қанаев)

Санамақ

Екі көз бен қос құлақ
Бір бас пенен бір мұрын
Нешеу болды қос шырақ,
Санап шығар кім бұрын?!
Екі аяқ пен екі қол,
Бір ауыз бен бір тілің...
Нешеу болды қане, бол,
Санап шығар кім бұрын?!
Сұқ саусағым суға барды
Ортаң қолым орақ орды.
Аты жоғым ағаш жарды,
Жұмсамапты алақаным,
Тек шынашақ—балапанын.

(М. Қуанышбеков)

Топ, топ, добым

Топ, топ, добым домалақ,
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап
Қайда кеттің домалап
Бір, екі деп екі ұрдым,
Шатырға сен секірдің.
Үш, төрт, бес деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
Алты, жеті дегенде.
Жаттың шаршап еденде.
Сегіз, тоғыз дегенде,
Сайға сырғып жөнелдің.
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап.

Бір апта

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,
Сейсенбіде серуен құрдық далада.

Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әндетіп.
Жұма күні жидек тердік қыратта,
Сенбі күні кино көрдік клубта.
Жексенбіде үйде болып дем алдық,
Осылайша өте шықты бір апта.

Санамақ

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусақ.
Оң аяқта бес бақай,
Сол аяқта бес бақай.
Қосып едім екеуін
Болып шықты он бақай

Беске дейін санау

Бірді бірге таяп қой.
Екеу болар қос таяқ ,
Цифры оның тап мына
Ұқсайды бір аққуға,
Екі мен бір – болар үш,
Цифры оның – ұшқан құс.
Үш пен бірің төрт екен.
Төртеу санның көркі екен.
Төрт аяқпен жануар,
Стол, төсек... тағы бар..
Төрт аяқпен нық тұрар
Төрт бірлікті ұқтырар
Бес дегеннің цифры Қарап тұрсаң оп–оңай.
Үштің басын қайырып,
Қоя салған жай бұрап.

(Ә. Табылдиев)

III. Жаңылтпаштар

Бір ақ шымшық,
Екі ақ шымшық.
Үш ақ шымшық,
Төрт ақ шымшық.

Пеш үстінде бес мысық,
Пеш ішінде бес мысық
Бес күзетші.. бес пысық.

Үш кіші ішік піштім,

Бес кіші ішік піштім
Неше кіші ішік піштім.

Ұшып кетті үш құс,
Ұшып келді үшқыш.

Есет атам ет асатар,
Ет асатса, бес асатар.

Аппақ, аппақ, бәрі аппақ,
Ақ қар аппақ, бәрі аппақ.
Ақ бұлт, қырау, мақта аппақ
Ақ сүт, айран, қант та аппақ.

Бес түп алма,
Бестік алғандыкі.
Төрт түп алма,
Төрттік алғандыкі.

IV. Жұмбақтар

Жаңылмастан жетеуі,
Кезек қызмет етеді.
(Аптаның 7 күні)

«Бәрі нешеу»
Асан ,Айша екеуі,
Қос қуыршақ,
Бір құлыншақ,
Екі ойыншық
Құстай ұшып,
Үйден шықты.
(Жетеу)

Бір үйде біз нешеуіміз
Кел санайық екеуіміз:
Бас бармағым–папам,
Балаң үйрек- апам,
Орған терек- ағам,
Шылдыр шүмек,
Титтей бөбек сен
Бір үйде біз нешеуіміз?

Дүкеннен көп сабын алдым,
Оның және қабын алдым.
Екі дептер бір қарындаш,
Тіс ысқышты тағы алдым.
Есептеші сонда бәрі
Қанша болды қолда бәрі?
(Алтау)

Туысқан бес кісі,
Бірінен-бірі кіші
Бәрінің аты бір
Ең кішісі шеткісі
(бес саусақ)

Бес балада бір бешпет,
Бір киініп, бір шешпек.
Оң жағымда бес сарбаз,
Сол жағымда бес сарбаз.
(он саусақ)

Табақта бес алма,
Қолымда екі алма.
Қосқанда барлығы
Болады неше алма?
Бір алма апама,
Бір алма атама.
Екі алма беремін
Мамам мен папама.
Нешеуі қалады табақта?
(үшеу)

V. Бой сергіту сәтінде пайдаланатын математикалық тақпақтар

1. Оңға, оңға түзу тұр,
Солға, солға түзу тұр.
Алға қарай бір адым
Жоғары, төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

2. Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір.
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір
Сағатқа қарап ап
Жаттығу оңай-ақ.

3. Қақпаға туралап,
Теп допты, оң аяқ
Қақпаға туралап,
Теп допты сол аяқ,
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

4. Доп безек қағады,
Секіріп еденде
Біресе жоғары
Біресе төменге
Жаттығу оңай-ақ.

5. Қарлығашқа ұқсайық
Қане қанат жасайық
Қарлығаш боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық..

6. 1, 2, 3

Дем аламыз жинап күш.

«5»- тік баға аламыз

Қуанып үйге барамыз.

7. Ал балалар тұрмайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір тұрып

9. Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Алақанды ашамыз

Бесті беске қосамыз.

Кел санайық ал мұны,

Қалды мұнда нешеуі?

Бесеу екен қалдығы,

Нешеу еді барлығы?

10. Сол аяқ, оң аяқ,

Саусақ жаттығулары.

Қолға, алып шарды,

Үрлеймін мен былай.

Уф-ф-ф,

Үрлеймін деп қатты,

Жарып алдым шарды.

Пах.

Бойды сергек тік ұста,

Емін-еркін тыныста.

Оң қолыңды соз алға,

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада,

Сол қол босқа тұрмасын,

Шеңбер жасап тынбасын.

Бір саусағым тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орайды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

1 дегенде тұрайық,

Біз тынығып алайық.

8. Тік ұста бойыңды

Жоғары соз қолыңды.

Соз қолыңды тағы да,

Жеткіз жираф мойнына.

Нешеу болды барлығы?

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Жасырып ем бесеуін,

Кезек оны тебеді.

Ол тынымсыз домалап,

Зыр жүгіре береді.

2, 3, 4 – алақанды соғайық,

Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз жүгіріп алайық.

5 дегенде асықпай,

Орнымызды табайық.

Ормандағы аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп аламыз,
Қалтамызға саламыз.

Уықтар боп иіліп,
Киіз үйді құрайық.

Дөңгеленіп тұрайық,
Керегені құрайық.
Бойымызды жазамыз.
Балықтарға ұқсап біз,
Жүзіп-жүзіп аламыз.

Қане балалар, тұрамыз,
Жаңбыр жауды себелеп,
Жапырақты жамылып,
Жата қалды көбелек.

Қоюланып қара бұлт,
Бармақ болып жұмысқа,
Қырға шықты құмырсқа,
Тоңып кетіп аяғы,
Қырға қайтып шығады.
Ой– ой– ой,

Әне аю келеді.
Құмырсқаны көреді.
Енді қайтып құтылар,
Илеуіне тығылар.

Апам үшін күнде мен, (әндете)
Отынға ағаш жарамын. (ағаш жарғандай)
Су құямын гүлге де, (гүлге су құйғандай)
Дүкенге де барамын. (қолдарына сөмке ұстап жүру)
Сыпырамын үй үшін, (сыпырғандай)
Жуам ыдыс-табақты. (ыдыс жуғандай)
Жылай қалса бөпемді, (бөпені ұстағандай)
Жұбатамын ойнатып. (қолдарын шапалақтайды)

«Қуырмаш»

Қуыр-қуыр қуырмаш,
Балаларға бидай шаш.
Бас бармақ,
Балан үйрек,
Орған терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.
Сен тұр– қойыңа бар!
Сен тұр– жылқыңа бар!
Сен тұр– ешкіңе бар!
Сен тұр– сиырыңа бар!
Сен тұр– түйеңе бар!
Ал сен алаңдамай,
Қазан түбін жалап, үйде жат.
Мына жерде құрт бар,
Мына жерде май бар.
Мына жерде қатық бар,
Қытық, қытық!

Математикалық есептер мен тақпақтар және жұмбақтар.

Қане, қайсы алақан,
Біз– кішкентай. (балапан)
Аралардың нәрі,
Бау-бақшаның сәні. (гүл)

Санайық жаңаша,
Бір, екі, үш!
Желбіре жалауша,
Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес саусақ,
Сол қолымда бес саусақ.
Оларды атап шақырар,
Әрқайсысының аты бар.
Бас бармақ,
Балаң үйрек,
Орған терек,
Шылдыр шүмек,
Кішкене бөбек.

Біз гүлдерше өсеміз,
Жапырағы жайқалған
Сабақтары салалы,
Желмен бірге ырғалған.

Тепе-теңдік жолменен,
Арасында мен келем.
Бір, екі, үш, төрт,
Келе жатқан жете алмай,
Мынау бздің мекен-жай.

Санамақтар.

Бессаусақ.
Ал санайық санамақ,
Саусақтарға қарап ап,
Кәне-кәне санайық,

Елгезексің жортасың.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,

Тік, тік, тік пісте,
Қысы-жазы бір түсте. (шырша)
Менің тұрақты мекенім,
Сәнді етіп жүремін. (үй)

Санын біліп алайық.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,
Қолымда сонда саусағым нешеу?

Мынау, мынау, бас бармақ,
Санамақ содан басталмақ.
Мүйіз қалпақ басында,
Төрт серігі қасында.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,
Қолымда сонда саусағым нешеу?

Қутыңдаған сұқ қолым,
Епетейлі мықты оным.
Бармақтың басты тірегі,
Өзінің ісін біледі.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,
Қолымда сонда саусағым нешеу?

Мынау, мынау ортаң қол,
Кішілерге қамқор қол,
Төртеуінің ағасы,
Білектің үлкен баласы.

Біреу, 2, 3, 4, 5-еу,
Қолымда сонда саусағым нешеу?

Бәрін тегіс мақтап бол!
Деп тұрсың ғой аты жоқ қол!
Орайласым ортаншым,

Қолымда сонда саусағым нешеу?

Саусақтар күшін сынасақ,

Ойнақы епті шынашақ.
Еркелеп өскен кенжесі,
Қамқоршы оған өзгесі.

Қолымда сонда саусағым нешеу,
біреу, 2, 3, 4, 5-еу.
(Ж. Сымақов)

Жан-жаққа кетті зымырап,
Мысықтан қорыққан тышқандар:
Қорапқа кірді біреуі,
Соңынан кетті екеуі.
Тығылды сонда нешеуі?

Екі балапан тұр,
Екі балалапан отыр.
Шатаспай тез ойлансақ,
Тура тауып атасақ,
Тұрғаны бар, отырған–
Барлығы қанша балапан?

Төменде үш қаз ұшады,
Үшеуі бұлтты құшады,
Өзеннен көрдік екеуін.
Айтқын, қаз нешеу екенін?

Аулада жүр балалар:
Самат, Арнат, Сашалар,
Келді және оларға
Сәуле, Шолпан ойнауға.
(Аулада барлығы қанша ұл бала
ойнауда?)

Келеді көп құс ұшып;
Кептер, аққу, қос шымшық.
Сауысқан, қарға, торғай да,
Ұшып жүр осы тоғайда.
Қанша құс бар қосып шық.

Бір көжекке бір көжек
Келе қалды қонаққа,
Бес сәбізден бірден жеп,
Тойып алды тамаққа.
Айта қойшы алғырың
Қанша сәбіз барлығы?

Орманда кірпі келеді,
Саңырауқұлақ тереді.
Кездесті, міне, керегі:
Екеуі– қайың астынан.
Біреуі– терек қасынан.
Қанша олар болмақ есепте,
Тоқылған салса себетке?

Қасқыр қақты қақпаны.
-Ашыңдар тез! – айтқаны.
Сол-ақ екен, лақтар–
Титтей-титтей шұнақтар
Жан-жағына жүгірді,
Жасырынып үлгерді:
Бірі– төсек астына,
Бірі– пештің қасына,
Бірі– сәкі астына,
Бірі– астына кереует,
Бірі– тапқыр керемет
Отыр күбі түбінде.
Қанша лақ бар бұл үйде?

Үйшікте мына бір сәулетті
Тұратын қай мықты әулеті?
Мен– тышқан-шиқылдақ,
Мен– қоян-желаяқ,
Мен– түлкі-керіммін,
Мен– қасқыр-серімін.
Бәріміз тұратын көңілді,
Қажетті сәулетті көр үйді!

Үйге кірді Алдияр,
Оған қоса Мадияр,
Кейін келді Айдана,
Қанша болды бар бала?

Тиін отыр арбада,
Жаңғақ сатып базарда.
Түлкі бикеш пысыққа,
Торғай менен шымшыққа
Мақтап қойып жаңғағын,
Салып берді алғанын:
Жаулығына бірінің,
Жемсауына бірінің,

Табанына бірінің.

Тауық шықты көшеге,
Ерді барлық шөже де.
Алға кетті 7-еуі,
Артта қалды 3-еуі.
Санай алмай барлығын
Есі шықты тауықтың.
Сен есепте, балақан,
Қанша еді балапан?

Әр қолына Нүриден
Төрт өріктен бердім мен.
Бала санай білмеді,
Неше өрік ол жеді?

Ұлпа жүнін қыздырып,
Күн шуақта бір күшік,
Отыр еді маңына,
Келді тағы бір күшік.
Қанша күшік барлығы?
Алты қонжық орманға
Бара жатты қорбандап.
Бірі олардың шаршады,
Әрі қарай бармады.
Жауабын тез айт,
Қанша қонжық кетті алда?

5-тен 4-ті алайық,
Қанша қалды санайық.
Қарайық та санайық,
Санайық та табайық. (1)

Беспайда бар 5 іні,
Естайда бар 2 іні,
Қоссақ 5 пен 2-ні,
Қанша болар шешуі? (7)

Шығармақ боп кеше есеп,
Жиналғанда 5 есек.
3-і ұйықтап отырды,
Бінталысы неше есек? (2)

Қазып жүр құмды 5 мысық,
3-і жатыр күн ыстық.

Нешеу болды сен сана? (2)

Үстел үстінде төрт алма жатыр,
Оның біреуін ағам жеп қойды.
Сонда неше алма қалды? (3)

Келеді көп құс ұшып:
Кептер, аққу, қос шымшық.
Сауысқан, қарға, торғай да,
Ұшып жүр осы тоғайда.
Қанша құс бар қосып шық.

Дейді Күлтай:
- Қуыршақтар,
Ойыншықтар, тұршы қатар:
Екі аю мен Буратино, -
Әрі көңілді Чипполино!
Көжек пенен пілтай да!
Көмектесіп Күлтайға,

Бәрін, қане қосып шық,
Нешеу екен ойыншық?

Құралай тақтаға екі
Үшбұрыш, үш шаршы,
Тікбұрыш, шеңбер және
Сопакша салды. Құралай
Тақтаға қанша төртбұрыш салды?

Математикалық өлеңдер.
(мәнерлеп оқу)

Жеті ұлы бар бір үйдің
Сәл демалып,
Тыным ал,
Тақпақ тыңдап,
Ұғып ал.
Апта деген ағайдың,
Жеті бірдей ұлы бар.

Біріншісі– Дүйсенбі,
Екіншісі– Сейсенбі,
Үшіншісі– Сәрсенбі,
Төртіншісі– Бейсенбі,
Жұма деген– бесінші ұл.

Алтыншы ұлы ол– Сенбі,
Жетіншісі-Жексенбі. (Қайрат
Жұмағалиев)

Топ, топ, добым.
Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап.
Бір, екі деп екі ұрдым, -
Шатырға сен секірдің.
Үш, төрт, бес деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
Алты, жеті дегенде,
Жаттың шоршып еденде.
Сегіз, тоғыз дегенде,
Сайға сырғып жөнелдің.
Топ, топ, добым домалақ.
Қайда кеттің домалап. (Ғ. Өкеев)

Сандардың айтысы.
Достар мені«бір», - дейді,
Қарайды да бүй дейді:
Мұқтажсың қол, аяққа,
Ұқсап тұрсың таяққа.

Мен екімін балалар,
Екі деген баға бар,
Аз болған соң талабы,
Үлгіре алмай қалады.

Жаңғалақтың, жалқаудың,
Алаңғасар аңқаудың,
Алатыны екілік,
Басын шайқап өкініп.

Бірім артық екіден,

Аздығыма өкінем,
Кедерлі аттай тұсалып,
Жүр біреулер, «үш» алып.

Достар мені«төрт» дейді,
Беске бірім жетпейді.
Бірақ үшке ағамын,
Жақсысымын бағаның.

Оқуға дос барғанда,
Риза мені алғанға,
Қуанады мамасы,
Төрт алғанда баласы.

Жараспайды бір сарын,
Өзің тап төрт мысалын,
Ол үшін түрлі аңдарды,
Еске түсір малдарды.

Әр қолда саусақ бес-бестен,
Шықпас тегін ол естен,
Біліп соның шамасын,
Мысал ойлап табасың.

Гүлде бес күлте жапырақ,
Өседі-ау шіркін жарқырап.
Бесбұрыш алтын жұлдыздар,
Тағады батыр ұл-қыздар.

Бір мен екі алмаңдар!
Үшке алданып қалмаңдар!
Кілең төрттік алғандар,
Мені ғана армаңдар. (С.
Сауытбеков)

Пайдаланылған әдебиеттер

1. [Аханов, К.](#) Грамматика теориясының негіздері [Мәтін] : оқу құралы / К. Аханов . - 2 басылым. - Алматы : Санат, 1996. - 240 б.
2. Ермекова, Т. Н. Қазақ тілі : 1класс 11летней школы с русским языком обучения [Текст] : методическое пособие / Т. Н. Ермекова. Алматы : Алматыкітап, 2008.- 32 с.
3. Ибрагимов, Қ. Қазақ тілі : Учебник тест для подготовки к ЕНТ [Мәтін] / Қ. Ибрагимов. Алматы : Шың Кітап, 2012. - 179 б.
4. Ильяшева, К. С. Изучаем казахский язык : методическое пособие [Текст] / К. С. Ильяшева, А. Е. Шалаханова. - Алматы : ОАО "Алматыкітап", 2003. - 112 с.
5. [Мырзабеков, С.](#) Қазақ тілінің фонетикасы [Мәтін] / С. Мырзабеков. - Алматы : Қазақ университеті, 1993. - 136 б.

6. [Мұсаұлы, Ж.](#) Қазақ, орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы [Мәтін] : Оқу құралы / Мұсаұлы Ж., Әміренова Р.С. - Көкшетау : Келешек - 2030 баспасы, 2003. - 217 б.
7. Салыхова, Б.О. Қазақ тілі: әдістемелік құрал. Для учителей школ с русским языком обучения /Б. О. Салыхова, М. Ж. Бейсебекова, А. Ж. Хазимова.-Алматыкітап , 2015 .-112 стр.
8. Салыхова, Б. Суретті қазақ тілі [Мәтін] / Салыхова Б., Рауандина А. Алматы : Аруна, 2006. 96 б.
9. Сауытова, Т. А. Қазақ тілі [Текст] / Т. А. Сауытова. Петропавл , 2005. - 108 б.
10. Сейтақов А . Өзін-өзі тану[Мәтін] / А.Сейтақов А. , Ж. Қажығалиева .-Алматы:Бәбек, 2010.-
11. Ысқақов, А. Қазіргі қазақ тілі [Текст] : морфология / А. Ысқақов. - Алматы : Мектеп, 1974. - 403 б.